



Тауарларды сатып алу туралы шарт №947212/2024/1

06.03.2024 жылғы

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС атынан Жарғы, негізінде қызмет ететін Бас атқарушы директор Бишимов Куаныш Ердаулетович, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, "Сталь Трейд - НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы, негізінде қызмет ететін Бас директор АРЫНГАЗИН АЛИБЕК АБАЕВИЧ, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 947212 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елден тыс құнды есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасындағы елішілік құндылықтың үлесі 50% - құрайды, бұл шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттардың (СТ-KZ нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификат және басқалар) көшірмелерімен расталады.

1.3. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарттың «Санкциялық ескертпе» деген №4 қосымшасының талаптарын орындауға міндеттенеді.

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 155397734.50 (жүз елу бес миллион үш жүз тоқсан жеті мың жеті жүз отыз төрт теңге, елу тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.4. Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлемді Өнім беруші мыналарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлейді:

1) төлеуге қойылған шоттың түпнұсқасы.

2.5. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші Шарт жасалған және Өнім беруші алдын ала төлеуге шот ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.

Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.6. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.6.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.6.2. Шот-фактура;

2.6.3. Кіріс бақылау актісі (қабылдау-тапсыру актісі)/Тауарды қабылдау актісі.

2.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қабылдау-беру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

2.8. Өнім беруші осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге Өнім беруші осы шартпен және де Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында





жасалған өзге де шарттармен көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті орындамағаны үшін кез келген соманы, соның ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Өнім берушіге тиесілі аванстар бойынша төленген және өтелмеген берешектерден біртарапты тәртіпте ақша ұстап қалу құқығын береді. Мыналарды растайтын құжаттар ұстап қалуға негіздеме болып табылады: шарт міндеттемелерін орындамау/тиісті орындамау; жеткізбеу; айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да тұрақсыздық айыптарын есептеу; Өнім беруші шарттар негізінде алған тауарлар/жұмыстар/қызметтер; шарттар бойынша өзара есепке алу.

2.9. Төлем валютасы осы Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген. Төлем жүргізу формасы – осы Шарттың 16-бөлімінде көрсетілген реквизиттер бойынша есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару. Нақты жеткізілген тауарлар үшін төлем бұдан бұрын жіберілген алдын ала төлемдер есебімен жүргізіледі.

2.10. Тараптар төлем реквизиттерін дұрыс ұсынбай, төлемді қайта өткізу қажеттігі пайда болса, қайталама операциялар бойынша барлық шығындарды дұрыс емес төлем реквизиттерін ұсынған Тарап көтереді. Қайталама операциялар бойынша шығыстар ақшалай қаражаттарды аудару кезінде екінші тарапқа шығыстарды өтеу үшін шотты және жұмсалған банк шығыстарын растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем жасау сомасынан ұсталады.

2.11. Егер құжаттар Өнім берушінің кінәсі бойынша уақытылы ұсынылмаса, Тапсырыс беруші төлем мерзімдерін бұзғаны үшін жауап бермейді.

2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына салықтарға, қатысты өзгерістер енгізілген жағдайда, Тараптар тиісті Қосымша келісімге қол қойып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.13. Нақты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тапсырыс берушінің қоймасына (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Химкомбинат көш., 1) өз күшімен және есебінен Тауарды толық жеткізуге міндеттенеді.

3.2. Барлық тауарлар осы Шарттың №1, №2 -қосымшасында көрсетілген мерзімдерде осы шарттың талаптарына сәйкес жеткізілуі тиіс. Тараптардың келісімі бойынша Тауарды партиямен жеткізуге болады.

Жөнелту пунктінде көлік жүкқұжатына Тауарды (оның партиясының) тиеу туралы белгі қойылған күн тиеу күні болып есептеледі. Тапсырыс берушінің өкілі қол қойған тауар-көліктік жүкқұжаттарына штемпельдің қойылған күні Тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

3.3. Тауарлар МЕМСТ және Тауарды әзірлеуші зауыт қабылдаған ТТ сәйкес таңбаланады.

3.4. Өнім беруші Тауарды тиісті емес және ұқыпсыз ораудан немесе қорғаудан туындайтын барлық шығындар мен залалдарға жауапты болады.

3.5. Қаптама ықтимал шамадан артық жүктемелер, температура режимі мен ылғалдылық, басқа жүктермен үйлесімділігін ескере отырып тасымалдау кезінде кез келген зақымданудан толығымен қорғауы керек, бұл ретте қаптама қолмен немесе кранмен тасымалдауға жарамды болуы керек. Су өткізбейтін конверттегі орама қағаздың бір данасы әр қаптамаға салынуы тиіс.

Ерекше жағдайларда, тиеудің транзиттік нормаларына байланысты Тауардың әрбір жеке санаты бойынша жеткізу көлемінен - __% (минус __) ауытқуға жол беріледі (тек таразыға тартылатын және өлшенетін тауарлар үшін – тонна, метр және т.б.).

3.6. Ерекше жағдайларда, тиеудің транзиттік нормаларына байланысты Тауардың әрбір жеке санаты бойынша жеткізу көлемінен +5% (плюс минус бес) ауытқуға жол беріледі (тек таразыға тартылатын және өлшенетін тауарлар үшін – тонна, метр және т.б.).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және өзі өндірген Тауарды жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеуге (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Сатып алынатын Тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанындағы Сертификатты (түпнұсқа, нотариалды түрде куәландырылған көшірме не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірме) ұсынуға.

4.1.2.3. Тауардың тиісті партиясы жеткізілген күні ілеспе жүкқұжаттардың бір данасын ұсынуға;

4.1.2.4. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, нақты тиелген Тауардың саны үшін жүкқұжатты, шот-фактураны ұсынуға.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде





ұсынуға міндеттенеді.

4.1.6. Өткізу және объектішілік тәртіптердің талаптарын, сонымен қатар Тапсырыс берушінің аумағында қолданылатын ішкі жергілікті актілердің талаптарын сақтауға;

4.1.7. Тапсырыс берушіні:

- Тауардың межелі орны/ жеткізу орны бойынша тиелуі туралы;

- Тауарға қатысты, соның ішінде тауардың техникалық сипаттарын анықтайтын құжаттардың көшірмелерін (сәйкестік сертификаттарының, техникалық паспорттардың, сапа туралы куәліктің көшірмелері және т.б.) ұсына отырып, жоспарлы жеткізу күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын тауарды жеткізу туралы факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы (тауарды жеткізу тәсілін көрсетіп) хабардар етуге. Өнім беруші хабарламада мыналарды көрсетеді: жөнелту күні, тауардың атауы және саны, тауардың тиелген париясының жалпы құны. Тиеу туралы хабарламаны уақытылы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші Тауар түскен күні қабылдаудан бас тартып, қабылдау күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейінгі мерзімге ауыстыруға құқылы.

4.1.8. Тапсырыс берушіні Тауардың зиянды қасиеттері (болған жағдайда) туралы алдын ала хабарлауға;

4.1.9. Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды, соның ішінде Шартты орындауға дейін туындаған негіздемелер бойынша Тауарды үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіден қайтарып алған жағдайда залалдарды өтеуге.

4.1.10. Тапсырыс берушіден тиісті сұрауды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартты орындауға қатысты кез келген ақпаратты және құжаттарды, соның ішінде Тауарды жеткізуге байланысты іс-әрекеттер мәртебесі (Тауарды дайындау мәртебесі, Тауардың ағымдағы орналасқан жері, Өнім берушінің Тауарды нақты жеткізу мерзімі бойынша күтулері және т.б.) бойынша ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, дайындаушы зауыттың хаты, тиеу құжаттарының көшірмелері және т. т.б.) ұсынуға. Бұл ретте ақпаратты беру сипаттамасын, көлемін және формасын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші анықтайды.

4.1.11. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмайтын жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге.

4.1.12. Тауарды жеткізгеннен кейін Тауарды соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге Тапсырыс берушіге Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебін шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысанда ұсынуға.

4.1.13. Тауардағы жергілікті қамту үлесіне қатысты ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Өнім беруші жергілікті қамту үлесі туралы дұрыс емес ақпарат берген жағдайда Стандартқа және Шартқа сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4.1.14. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға бірдей және (немесе) ұқсас тауарларға Өнім беруші ұсынған бағалар туралы ақпаратты ұсыну мүмкіндігін қарастыруға (соның ішінде Өнім беруші қол қойған белгілі күнге коммерциялық ұсыныстар).

4.1.15. Шартты орындау кезінде жеткізілетін тауардың техникалық регламенттерде, ережелерде, стандарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.16. Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

4.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайын Тапсырыс берушіге шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, ақпарат беруге міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу үшін тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Өнім беруші құқылы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.3. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4.4. Тапсырыс берушіні алдын ала ескертіп, Тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

4.5. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.5.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.5.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.5.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.6. Тапсырыс беруші құқылы:





- 4.6.1. Өнім берушіден Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі Тауарды алуға.
- 4.6.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;
- 4.6.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға құқығы бар.
- 4.6.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.
- 4.7. Тауардың жеткізілу барысын және тауардың сапасын бақылау мақсатында кез келген уақытта жеткізушіден жеткізілім барысы туралы аралық есептерді сұрату қажет.
- 4.8. Өнім берушіге кемшіліктерді жою үшін ақылға қонымды уақыт беруге және егер Өнім беруші бұл талапты белгіленген мерзімде орындамаса, Шартты бұзуға немесе кемшіліктерді өз күшімен жоюға немесе кемшіліктерді жоюды үшінші тұлғаға жүктеуге, бұл ретте шығындарды Өнім беруші өтейді, сонымен қатар Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және (немесе) тиісті орындамау салдарынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;
- 4.9. Шарт талаптарын бұзған жағдайда, кез келген уақытта тапсырыс берушіге шығынды өтемей, Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға.
- 4.10. Өнім берушіні хабардар етіп, жеткізу мерзімі өтіп кеткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға.
- 4.11. Өнім берушінің Тауарларды жеткізуге қатысты әрекеттерін, оларды орындаудың кез келген кезеңінде немесе осы Шартты орындаудың кез келген сәтінде бақылау жасауға
- 4.12. Осы шарттың мәселелері бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық немесе басқа да акпараттарына қол жеткізуге
- 4.13. Өнім беруші осы шартпен, сонымен қатар тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған басқа да шарттармен көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Өнім берушіге тиесілі ақшадан кез келген соманы, соның ішінде аванстар бойынша төленген және өтелмеген берешектерді біржақты тәртіпте ұстауға.
- 4.14. Шарт талаптарын орындау кезінде Өнім беруші Тапсырыс берушіге келтірген зиянды өтеуді талап етуге;
- 4.15. Егер Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізу сәтінде межелі жерде тауарға қатысты құжаттарды бермесе немесе беруден бас тартса, ол Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес беруі тиіс тауарларды қабылдаудан бас тартуы тиіс.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тауарды саны бойынша қабылдау Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты қолда бар Тауар бойынша Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің уәкілетті өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Тауарды жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ Өнім берушінің Тауарды тапсыруға сенімхатының түпнұсқасы бар Өнім берушінің уәкілетті өкілі тапсырады. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау күні мен уақыты туралы мәліметті Өнім берушіге телефон немесе электрондық пошта арқылы хабарлайды.
- Өнім беруші Тауарды қабылдауға және тапсыруға қатысудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте қабылдайды, ал біржақты қабылдау нәтижелері екі Тарап үшін де міндетті болып есептеледі.
- 5.2. Тапсырыс беруші Кіріс бақылау актісін (қабылдау-тапсыру актісін)/Тауарды қабылдау актісін (қабылдау-тапсыру актісі) құрастыра отырып, тауарға ілеспе құжаттар негізінде тапсырыс беруші қоймасына жеткізу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдайды.
- 5.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауармен бірге осы Шарт бойынша Тауардың жеткізілгенін растайтын, тиісті түрде ресімделген мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) шот-фактура (Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес берілген);
 - 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қорларды тарапқа беру жүкқұжаты – 1 түпнұсқасын шарт нөмірін көрсетіп;
 - 3) МЕМСТ сәйкестік сертификаты;
 - 4) материалдарға сапа сертификаттары;
 - 5) қаптау парғы;
 - 6) Тапсырыс берушінің талабы бойынша басқа құжаттар (құжаттар тізімі қажетіне қарай қосылады немесе алынады).
- Егер Тауар бөліктермен (партиялармен) жеткізілсе, Өнім беруші Тауардың бір бөлігін (партиясын) жеткізу кезінде Тапсырыс берушіге әрбір бөлікке (партияға) жеке немесе Шарт бойынша жеткізілетін Тауардың бүкіл көлеміне құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 5.4. Тауарларды сапасы бойынша қабылдау Өнім беруші Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттардың бірі болмаған жағдайда және/немесе Тауардың басқа да Шарт талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тарту құқығына ие болады.
- 5.5. Тауарды қабылдау кезінде Тауардың ассортиментінде, саны мен сапасында сәйкессіздіктер, Тауардың немесе оның қаптамасының





көзге көрінетін зақымдануы (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда Тапсырыс беруші осы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы және де бұл жағдайда бас тарту негізсіз немесе Шарт талаптарын бұзу болып саналмайды. Бұл ретте Тараптар Тауардың анықталған ақауларын көрсететін ақаулар актісін жасайды, бұл Өнім берушінің осы кемшіліктерді жоюына негіз болады.

5.6. Өнім беруші (Өнім берушінің өкілдері) осы ақаулар актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші актіні біржақты тәртіпте ресімдейді. Тауарды қабылдау кезінде Өнім беруші (Өнім берушінің өкілі) болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші қабылдау кезінде анықталған ақаулар туралы Өнім берушіні 10 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді және ақаулы актіні ресімдеу үшін Өнім берушіні шақырады.

5.7. Өнім беруші хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте актіні ресімдейді. Бұл акті Өнім беруші үшін Шарттың 5.8-тармағының талаптарын орындауға негіз болып табылады.

5.8. Өнім беруші Тапсырыс берушінің келісімімен Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Тауардың зақымдануын және/немесе ақауларын анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан қосымша шығындарды шығармай, бүлінген және/немесе ақаулы Тауарды ауыстыруға, дегенмен аталған ауыстыру Тауардың сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлауына әкелмей, соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес келуі тиіс.

5.9. Тапсырыс берушінің Өнім берушіге сапасы және/немесе саны бойынша қандай да бір талаптары болса, Тапсырыс беруші Тауар жеткізілген және Тауардың ақаулар актісіне қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Өнім берушіге хабарлауға міндетті.

5.10. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауар-көлік жүкқұжатына және кіріс бақылау актісіне (тапсыру-тапсыру актісіне)/тауарды қабылдау актісіне (тапсыру-тапсыру актісі) қол қойғанға дейін олардың техникалық сипаттамаға сәйкестіні растау үшін техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүргізе алады. Тауардың сапасы Шарттың № 1, 2 қосымшаларында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмеген жағдайда, осы сынақтар бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

5.11. Техникалық бақылаудан немесе сынақтардан өткен Тауар Шарттың № 1.2 Қосымшасында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады, ал Өнім беруші жарамсыз Тауарды ауыстырады немесе техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес тапсырыс берушінің қосымша шығындарысыз қажетті өзгерістерді енгізеді.

5.12. Меншік құқығы Өнім берушіден Сатып алушыға Өнім беруші жеткізу бойынша міндеттемені орындаған күннен бастап, яғни Сатып алушы тауар-көлік жүкқұжатында қойған күннен бастап ауысады.

Кіріс бақылаудан өту кезінде Тауардың саны/сапасы/жинақтылығы бойынша сәйкессіздігі анықталған жағдайда, сондай-ақ Тауармен/Тауар партиясымен бір мезгілде ұсыну үшін міндетті құжаттар ұсынылмаған не Шартта белгіленген талаптарға не ҚР аумағында қолданыстағы нормалар мен қағидаларға сәйкес келмейтін көрсетілген құжаттар ұсынылған жағдайда, Өнім берушінің міндеттемелері орындалмаған болып есептеледі және Өнім беруші осы Шарттың 7.2.1-т. сәйкес, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болады.

Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Сатып алушы Өнім берушінің атына Тауарға қайтарылған жүкқұжатты рәсімдейді, ол анықталған ақаулар көрсетілген қабылдау-тапсыру актісімен бірге Өнім берушіге (жеке не болмаса тапсырыс хатпен) беріледі. Өнім беруші осы құжаттарды алған күннен бастап, 3 жұмыс күні ішінде ақаулы Тауарды Сатып алушының аумағынан ақауларды жою үшін әкетуге міндетті.

Ақауларды жойғаннан кейін, жеткізу күні, сондай-ақ меншік құқығының Өнім берушіден Сатып алушыға өту күні Өнім берушінің міндеттемелерін орындалды деп тануға кедергі келтіретін мән-жайларды жою күні, яғни Сатып алушы Тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсеткен күн болып табылады.

Тауарды уақтылы шығармаған жағдайда, Сатып алушы Тауарды сақтауға қабылданған әрбір сақтау күні үшін Тауар құнының 0,01% есебінен сақтау бойынша қызметтердің құнын қамтитын тиісті төлемді есептей отырып, жауапты сақтауға қабылдайды (жауапты сақтау үшін төлемақы сақтауға үй-жайдың бірінші күнінен бастап есептеледі).

6. Кепілдік және Сапа

6.1. Өнім беруші осы Шарттың мәні болып табылатын Тауар сапалы екеніне және сәйкестік сертификатымен және/немесе белгіленген үлгідегі өндіруші зауыттың сапа төлқұжатымен расталатынына кепілдік береді.

6.2. Тауар жаңа болуы тиіс. Тауарды шығару күні - жеткізу күнінен бастап 12 айдан аспауы керек.

6.3. Өнім беруші жеткізілетін Тауарда өндірістік ақаулар мен кемшіліктердің жоғына кепілдік береді.

6.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауар жеткізілген күннен бастап 12 ай ішінде Тауардың бүкіл көлеміне сапа кепілдігін береді.

6.5. Сапа кепілдігі шеңберінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттемелер туралы жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өз тәуекеліне қарай және өз есебінен кемшіліктерді және/немесе ақауларды түзетуге міндеттенеді.

6.6. Ақаулы тауардың орнына Тауарды ауыстыру және жеткізу Өнім беруші есебінен жүзеге асырылады. Ақаулы Тауардың/кемшіліктері бар Тауардың орнына жеткізілген жаңа Тауарға қатысты кепілдік мерзім Шарттың 6.5-тармағына сәйкес белгіленеді.

6.7. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өзі жеткізген Тауардың бос екендігіне және үшінші тұлғалардың өнеркәсіптік, зияткерлік және/немесе басқа да меншікке негізделген кез келген құқықтары мен талаптарынан босатылатынына кепілдік береді.





- 6.8. Жеткізілетін Тауардың атауы, өлшем бірлігі мен саны, толық сипаттамасы (сипаты) осы Шарттың № 1, 2 Қосымшасында көрсетілген.
- 6.9. Өнім беруші берілетін Тауардың мақсатына сай пайдалануға жарамды екенін куәландырады.
- 6.10. Жеткізілетін Тауардың Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпсіздік (сапа) талаптарына сәйкестігі Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген сәйкестік сертификатының түпнұсқасымен не нотариат куәландырған көшірмесімен (егер тауар міндетті сертификаттауға жататын болса) не белгіленген үлгідегі дайындаушы зауыттың сапа паспортымен расталуға тиіс. Бұл ретте Өнім беруші Тауарға берілген мұндай құжаттардың болмауына жауапты болады.
- 6.11. Жеткізілетін Тауардың сапасы осы Шарттың № 1, 2 Қосымша болып табылатын Техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуі керек.
- 6.12. Егер Өнім беруші бөлек жеткізу кезеңінде Тауарды толық жеткізбеген болса, ол Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімі шегінде келесі кезеңде (кезеңдерде) Тауардың жеткізілмеген санын толықтыруға міндетті.
- Өнім беруші Шартта көзделген тауардан аз жеткізілсе көрсетілген тауардың саны туралы шарттың талаптарын бұзған кезде төлем нақты жеткізілген және белгіленген тәртіппен қабылданған тауардың санына сәйкес жүргізілетін болады.
- Өнім беруші тауарды көп мөлшерде жеткізуде көрсетілген тауардың саны туралы шарттың талаптарын бұзған жағдайда, төлем және қабылдау Шартта көзделген тауардың санына сәйкес жүргізілетін болады.
- қабылданады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ ----- 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.;
- 7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.
- 7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ ----- 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ ----- 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.2.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.
- 7.2.6. Тауардың барлығын немесе бір бөлігін жеткізуден бас тартқан немесе жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Өнім берушінің шарт талаптарын бұзуына байланысты, Өнім берушінің бастамасы немесе Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың сомасынан 10% мөлшерде айыппұлды төлеуге міндетті.
- 7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.
- 7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:
- 7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ @Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан@ 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.2. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ ----- 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.3. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелер жалпы сомасының 10%-нан аспайтын көлемде өсімпұл төлейді.
- 7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіпте Өнім беруші туралы мәліметті Холдингтің сенімсіз Өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін Қордың сатып алулар жөніндегі операторына ақпаратты жібереді.





- 7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 7.7. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері ШАРТ сомасының 10%-нан аспауға тиіс.
- 7.8. Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін, сондай-ақ Өнім беруші осы шарттың басқа да талаптарын бұзғаны үшін осы Шарт бойынша Өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.
- 7.9. Тапсырыс беруші, егер осы Шарт бойынша жеткізілетін тауардың сапасы Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім берушіге қандай да бір төлемдерді өтемей, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 7.10. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған (шығындары тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді.
- 7.11. Өнім беруші уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері бойынша, кез келген негіздер бойынша сот ісін жүргізу арқылы Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшаны, сондай-ақ Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға келтірілген барлық шығындарды өтеуге, сондай-ақ Өнім берушінің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың кез келген әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде жоғарыда аталған тұлғалардың мүлкіне келтірілген барлық шығындарды немесе Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы шарттық қатынастардан туындайтын жағдайларды өтеуге келіседі.
- 7.12. Тапсырыс берушінің Өнім берушіге залалдарды өтеу жөніндегі кез келген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған мүлікке келтірілген нақты залалды ғана өндірумен шектеледі.
- 7.13. Өсімпұл төлеуді Өнім беруші талап арызды, хатты немесе хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Өсімпұл сомасын жеткізген тауар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде Тапсырыс беруші шегеруі (ұстап қалуы) мүмкін.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

- 8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.
- 8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған, өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе ұсыныстардың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.
- 8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:
- 8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;
 - 8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;
 - 8.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;
 - 8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;
 - 8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.
- Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.
- 8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.
- 8.4. Осы Шарттың талаптарына қатысты шектеулер енгізілген және/немесе «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ сатып алу тәртібін бұзған жағдайда;
- 8.5. Жеткізуші тауарлардағы жергілікті қамту үлесі туралы жалған ақпарат берген немесе Жеткізуші сатып алу нәтижелеріне және шарттық міндеттемелерді орындауға әсер ететін жалған ақпарат және/немесе жалған ақпарат берген жағдайда.
- 8.5.1. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;
 - 8.5.2. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде;
 - 8.5.3. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда; Бұл ретте Өнім беруші Тапсырыс берушіге шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын, залалды төлеу талаптарын қоюға құқылы емес.
- 8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс.





Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзған кезде Өнім беруші Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы. Өнім беруші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілуін тоқтатуға міндетті.

8.7. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт оған екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бір жыл, ал өзара есеп айырысу, жауапкершілік, құпиялылық, дауларды шешу тәртібі, сондай – ақ кепілдіктер бөлігінде-олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Егер ол еңсерілмейтін күш мән - жайларының, атап айтқанда, өрттің, су тасқынының, жер сілкінісінің, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, оның ішінде ТМД елдерінің актілерін қабылдаудың (өндіріске тыйым салуды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) салдары болып табылса және егер бұл мән-жайлар тікелей Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін Шарттың орындалуына әсер етсе, онда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, жауапкершіліктен босатылады. Егер бұл жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, онда әрбір Тарап Шартты бұзуға құқылы, бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

11.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын болса, онда кез келген Тарап есеп айырысуды міндетті жүргізу арқылы Шартты бұзуға құқылы.

11.4. Тараптар Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындау салдарын болдырмау немесе жеңілдету және тез арада жою үшін қажетті күш-жігерді қолдануға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Павлодар облысының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін





қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Өнім беруші осы шарт бойынша әрекет ететін онымен аффилирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Аффилирленген тұлға» деп аталады), соның ішінде шектеусіз Өнім берушінің меншік иелерінің, директорларының, лауазымды тұлғаларының, жұмыскерлері мен агенттерінің осы тармақтың кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Өнім беруші және барлық Аффилирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде келесі әрекеттерді:

- ПМХЗ мен оның аффилирленген тұлғалары үшін заңсыз жолмен бизнесті алу, сақтау не жүргізу немесе заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетпен байланысты кез-келген тұлғаларға кез келген ақшаны немесе басқа құндылықты (соның ішінде сыйлықтарды, ойын-сауық пен субсидияларды) төлеу, ұсыну, уәде беру немесе төлеуге рұқсат беру сияқты әрекеттерді жасамауға;

- Коммерциялық паракорлықты және бизнесті жүргізудің басқа да заңға қайшы және заңсыз тәсілдерін қоса алғанда, коммерция саласында пара беруге тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын басқа әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

